

**Бухгалтерлік есептің 29 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу ережесін (стандартын) бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 жылғы 19 мамыр N 210. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 824. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Бұйырамын:

1. Бухгалтерлік есептің 29 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу ережесі (стандарты) (бұдан әрі - Ереже) (стандарт) бекітілсін.

2. Ереже (стандарт) ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу әдістемесін айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы басқармасы Ережені (стандартты) заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Ереже (стандарт) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 551 және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 24 қарашадағы N 168 бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші қаржы вице-министрі Ж.Ж.Ертілесоваға жүктелсін.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің*

*орынбасары-Қаржы министрі*

Қазақстан Республикасы  
қаржы Министрлігінің

бұйрығымен бекітілген

**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық  
жұмыстарға шығындар есебі  
29 бухгалтерлік есебінің Ережесі /стандарты/  
Мақсаты және қызмет ауқымы**

*Ескерту: Стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектілер", "субъект", "субъектінің" деген сөздер "ұйымдар", "ұйым", "ұйымның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .*

1. Бұл Ереже /стандарт/ оларды тану мақсатында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-кострукторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындарды есептеу әдістемесін анықтайды.

2. Ережені/стандартты/ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды есептеуде барлық ұйымдар \* қолданады.

Егер, ұйым ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды шарттар бойынша өзге ұйым үшін мұндай жұмыстармен байланысты тәуекелдер мен экономикалық пайдаларды тапсырысшы көтеретіндей шартпен жүргізсе, онда мұндай жұмыстарды жүргізетін ұйым бұл шығындарды "Тауарлы-материалдық қорлардың есебі" 7-БЕС немесе "Күрделі құрылыс мердігерлігінің шарттары" 12-БЕС сәйкес есептейді. Тәуекелдер мен экономикалық пайданы алушы шығындарды осы Ережеге /стандартқа/ сәйкес есепке алады.

3. Ереженің /стандарт/ қызмет аясына өнеркәсіптің өндіруші салаларындағы мұнай, газ және минералдық кен орындарындағы барлау және өңдеу жұмыстарына шығындар қарастыру енбейді, алайда бұл Ереже /стандарт/ осы салалардағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға пайдаланыла алады.

**Анықтамалар**

4. Ғылыми-зерттеу жұмыстары - жаңа ғылыми немесе техникалық білімдер мен түсініктер алу мақсатында жүргізілетін жоспарлы зерттеулер.

5. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар - ғылыми-зерттеу немесе басқа да білім салаларын пайдалану негізінде, оларды коммерциялық пайдаланғанға дейін , жаңа және барынша жетілдірілген механизмдерді, өнімдерді, технологияларды, жүйелерді немесе қызметтерді жоспарлау және жобалау.

**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындардың құрамдас бөліктері**

6. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығындары осы жұмыстарды іске асыруға тікелей байланысты барлық салалар, сондай-ақ

қызметтің осындай түріне жеткілікті негізде бөлінуі мүмкін сомалар енгізілуі керек.

*\* 1-сілтеме алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .*

**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды т а н у**

**Ғылыми-зерттеу жұмыстарына шығындар**

7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына шығындар олар шыққан есепті кезеңде танылады және кейінгі есепті кезеңдердің активі болып мойындалмайды.

**Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындар**

8. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды егер олар 9 тармақшада анықталған активтерді тану шарттарына жауап бермесе ғана сол есепті кезеңнің шығыны деп тану керек. Әуел баста шығын ретінде танылған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды кейінгі есепті кезеңдерде актив ретінде мойындауға болмайды.

9. Егер тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың шығындары төмендегі талаптарға жауап берсе, оны актив ретінде тану қажет:

1) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды үлкен сенімділікпен анықтауға болады;

2) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар өнімінің техникалық орындалуы көрсетілуі мүмкін;

3) ұйым тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың өнімін өндіруге және пайдалануға ниеттенуде;

4) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар өнімін өткізу рыногының болуы немесе оны субъектінің өз ішінде пайдалану жоспарланса-пайдалылығы көрсетілуі мүмкін;

5) тиісті ресурстардың болуы немесе оларды аяқтау, рынокқа шығару мүмкіндігі, тәжірибелік-конструкторлық өнімін пайдалану іс жүзінде көрсетілуі мүмкін .

Бұл жағдайда актив ретінде танылған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығыны осы жұмыстарға одан әрі жұмсалатын шығындарды алып тастағанда келешектегі экономикалық пайда есебінен толтырылатын сомадан, тиісті өндірістік шығындардан, сондай-ақ өнімді тікелей маркетингтеу кезінде болатын өткізу және әкімшілік шығындарынан аспауы керек.

10. 9 тармақшада анықталған активті тану талаптарына жауап беретін тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығындарын, материалдық емес актив деп есептеу керек.

**Ашып көрсету**

11. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар мыналарды ашып көрсетуі керек:

1) есепті кезеңде шығыс ретінде танылған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығынының сомасы;

2) есепті кезеңде актив ретінде танылған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығынының сомасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК